апталық облыстық ақпаратты-жарнамалық газеті * еженедельная областная информационно-рекламная газета

# ПРИОЗЁРСКИЙ Вестник

№24/512
16 июня 2017 года
газета издается с 26.06.2004 года

ЭКСПО-2017

## ӨНЕРТАПҚЫШ ОҚУШЫ

EXPO 2017 ASTANA FUTURE ENERGY

EXPO-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін Астанада өткізу – Қазақстанның негізгі ірі жобаларының бірі. Мұндай ауқымды шараны еліміздің астанасында ұйымдастыру туралы бастама Мемлекет басшысына тиесілі. 2011-жылғы 10-маусымда Париждегі Халықаралық көрмелер бюросының Бас хатшысы Винсенте Гонсалес Лоссерталеске ресми түрде Қазақстан Республикасының өтінімі тапсырылды. Сол сәттен бастап біздің республикамыз Астанада EXPO-2017 көрмесін өткізу құқығы үшін сайлау қарсаңы науқанына ресми түрде кірісті. Халықаралық деңгейде өтетін көрмеге әлемдік жаңашылдар мен өнертапқыштар қатарлы еліміздің де озық ойлы адамдары өз тарапынан жаңалық енгізуге тырысуда. Бұл маңызды шараға жастармен бірге мектеп оқушылары да көптеп атсалысып жатыр. Барлығы да әлемдегі түйткілді мәселеге айналған экология және табиғатты қорғау төңірегінде жаңалық ойлап тауып, адам баласының қалыпты өмір сүруіне азғантай да болса үлес қосу мақсатын алға қойған. Ең қуаныштысы сол – аталған көрмеге өзінің ерекше еңбегімен қатысып жатқан оқушы біздің қаламыздан да шыққаны.

«Приозерск қаласының №1 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің 7 «А» оқушысы **Гүлім Саиполлақызы Ибодуллаева** ең жас өнертапқыштар қатарына қосуға болады. Гүлім «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесіне арналған «Жасыл ғаламшар» шығармашылық көрмесінде экология бағытындағы «Екінші өмір» номинациясы бойынша қалалық көрмеден ІІІ-орын иеленіп, облыстық деңгейге өткеннен соң өзінің жұмысын жандандыра түскен. Үстіміздегі жылғы мамыр айының 12-жұлдызында «ЭКСПО -2017» көрмесіне арналған «Қазақстан – менің елім» атты «Болашақ энергиясы ЭКСПО-2017» облыстық көрме-форумында «Екінші өмір» номинациясы бойынша І орынға ие болғаны үшін дипломмен марапатталды.

–Бұл жобаға ұсынылған бұйымдарды жасап шығу үшін оған 1 ай уақыт жеткілікті болды. Бұйымдарды жасау үшін негізінен ескірген газеттер таңдалып алынды. Мұндағы мақсатымыз – бүгінгі таңда барлық аймақтардағы үлкен проблемаға айналған қоқысқа екінші өмір сыйлау және оны халықтың игілігі үшін пайдалануға жол ашу. Енді Гүлім Астана қаласында өтіп жатқан «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесіне де қатысатын болады, – дейді Гүлімнің жоба жетекшісі, биология пәнінің мұғалімі Марал Адизханқызы Қалабаева. Жас таланттың биік белестерден көрініп, қазақ елінің ғылымына үлес қосатын ғалым болып шығуына біз де тілектеспіз!



**Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ**

## ЭКСПО-ның АШЫЛУ ҚҰРМЕТІНЕ

Астанада «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесінің салтанатты ашылу рәсімін бүкіл қазақстандықтардың тамашалағаны анық. Біз де әлемдік маңызы бар көрмені тамашаладық және көпшіліктің көңілінен шыққанына шек келтірмейміз. Әлемнің түкпір-түкпірінен тікелей трансляцияны тамашалағандар алған әсерлерін ғаламторда жария етіп жатқанынан да хабардармыз Көменің ашылу рәсімі осы жылғы 9-маусымда өтіп, онда ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін ашық деп жариялады. Айта кетейік, көрменің ресми ашылу рәсімі Конгресс-Орталығында өтіп, кейін ол Амфитеатрдағы концерттік бағдарламамен жалғасты. Концерт аяқталған соң көрермендер Сферадағы проекциялық лазерлі шоуды және таңғажайып отшашуды тікелей трансляция көмегімен әлемнің барлық жеріндегі адамдар тамашалады.

Аталмыш көрменің ашылуы біздің қаламызда да аталып өтті. Атап айтқанда, «Жас патриоттық мектебі» жобасы аясында аула командалары арасында футболдан жарыс ұйымдастырылып, аяқдоп бәсекесінің шеберлері №1 қазақ орта мектебінің спорттық алаңында бас қосты. ЭКСПО-2017-нің ашылуына арналған спорт жарысына әзірше алты команда – «Қайрат», «Шахтер», «Жалын», «Авангард», «Березка» және «Ордабасы» командаларының ойыншылары күш сынасты. Фотбол бәсекесі әлі жалғасын тауып, алдағы уақытта ойын нәтижесі жарияланатын болады.

**Н.ӨТЕП.**
*Суретте: ойыннан көрініс.*



*23-маусым – Мемлекеттік қызметші күні*

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕ 20 ЖЫЛ

Қазақстан Республикасы Президентінің 1998-жылғы 20-қаңтардағы Жарлығымен бекітілуіне орай 23-маусым – Мемлекеттік қызметші күні болып белгіленген болатын. Содан бергі кезеңде осы күн мемлекеттік қызметшілердің төл мерекесі ретінде тойланатын күнге айналды. Жалпы мемлекеттік қызмет деген не және мемлекеттік қызметші дегеніміз кім деген сауалға қысқаша түсінік бере кетейік: Мемлекеттік қызметкерлер де әкімшілік құқықтың субъектілері болып табылады. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңы бар. Онда мемлекеттік қызметкер, мемлекеттік қызмет ұғымдарына анықтама берілген. Мемлекеттік қызмет – мемлекеттік қызметкердің мемлекеттік биліктің міндеттері мен қызметтерін іске асыруға бағытталған мемлекеттік органдардағы лауазымдық өкілеттіктерін атқару жөніндегі қызметі. Мемлекеттік қызметкер мемлекеттік органда белгіленген тәртіппен ақы төленетін қызметті иеленген және мемлекеттік міндеттері мен қызметін іске асыру мақсатында қызметтік өкілеттігін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы азаматы. Мемлекеттік қызметкерлер екі түрге бөлінеді: саяси және әкімшілік қызметкерлер. Саяси-мемлекеттік қызметкер – тағайындалуы (сайлануы), қызметтен босатылуы және қызметінің айқындаушысаяси сипаты бар және саяси мақсаттар мен міндеттерді іске асыруға жауапты мемлекеттік қызметкер. Әкімшілік-мемлекеттік қызметкер – мемлекеттік саяси қызметкерлер қатарына кірмейтін, мемлекеттік органда тұрақты кәсіби негізде қызметтік өкілеттігін жүзеге асыратын мемлекеттік қызметкер болып табылады. Мемлекеттік қызметте ұзақ жылдар бойы еңбектеніп ысылған, мол тәжірибе жинақтаған және еткен қызметіне сай абыройы мен марапатқа ие болған жандар қаламызда да көптеп саналады. Бүгінгі мақаламызда осындай кейіпкер жайында әңгіме өрбітпекпіз.

Приозерск қаласының білім бөлімінде жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқығын қорғау бойынша бас маманы Алма Аманқызы Медетбекованы осы қалаға көшіп келген уақытынан бері танимын. Оның әпкесі Зәурешпен және сіңлісі Шолпанмен де таныспыз. Қызмет бабымен араласып-құраласып тұрамыз. Атаанадан сегіз болып дүниеге келген және тыңғылықты тәрбие алып, уызында жарып өскен олардың бәрі де қоғамның бір-бір бөлшегі ретінде ел-жұртына қалтқысыз қызмет етіп жүрген жандар екендігіне куәміз. Зәреш пен Шолпан да қай салада қызмет етпесін, қала тұрғындарының көз алдында жақсы қырынан танылып жүрген білімді, білікті және еңбеккор, қоғам белсенділері.

1969-жылы 4-наурызда Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы Бірлік селосында туған Шолпан Аманқызы 1986-жылы Жамбыл облысы Фурмановка селосының Жамбыл атындағы қазақ орта мектебін аяқтаған. Білім жоғары, тарих және география пәнінің мұғалімі болып еңбек жолын бастаған. Кеңес Одағы тарқағаннан кейінгі аумалы-төкпелі заманның тепершімен 1996-жылы Приозерск қаласына қоныс аударды. 1997-жылдан бастап қызметтік жолын Приозерск қаласының әкім аппаратында бастаған ол алғашқы күннен бастап-ақ өзінің тиянақты, тыңғылықты да, жауапкершілікті сезіне білетін жан ретінде танылды. Әкім аппаратының әр түрлі салаларында маман, бас маман лауазымында, 2008-жылдан 2011-жылдың сәуір айына дейін әкім аппаратының кеңсе және құжаттамамен қамтамасыз ету бөлімінің басшысы қызметінде болды. 2011-жылдың сәуір айынан бастап Приозерск қаласының білім бөлімінде жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқығын қорғау бойынша бас маман лауазымын атқарып келеді. Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметтегі жалпы еңбек өтілі жиырма жылдан асқан байырғы, білікті және тәжірибелі мамандар қатарында.



А.А.Медетбекова мемлекеттік қызметте жүріп қаланың саяси-әлеуметтік өміріне белсене араласты. 1999-жылдан бастап қалалық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы Осы уақыт аралығында Қазақстан Республикасы Президентін, Парламент Мәжілісі депутаттарын, облыстық және қалалық мәслихат депутаттарының сайлауларын өткізуде өзінің көп үлесін қосты. Қала әкімдігі жанындағы тұрғын үй тұрмыстық комиссиясының мүшесі.

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының адал еңбегі, ұйымдастырушылық қабілеті және тапсырылған істі тыңғылықты атқарғаны үшін алғыс хатына ие болған. Облыстың қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысқаны, жаңа қазақстандық қоғам құру ісіндегі жеке еңбек және шығармашылық үлестері үшін Қарағанды облысы әкімінің құрмет грамотасымен марапаталды. Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдығы мерейтойы құрметіне Қазақстан Республикасы Президентінің мерейлік медалімен және қалалық мәслихаттың құрмет грамотасымен награтдалды. 2017-жылы сәуір айында өткен мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің «Б» корпусының қызметшілерін жалпы аттестаттауда комиссия қорытындысы бойынша лауазымын жоғарылатуға ұсынылды. Осынау марапаттар мен сый-құрметтер Алманың ұзақ және тиянақты еңбегінің жемісі.

А.Аманқызының ата-анасы қазір туған аймағында зейнеткерлік пен қариялықтың бақытты сәттерін өткізуде. Ұрпақтарының ел-жұртының назарында жақсы жағынан танылып жүргенін естіп отыратын олар Аллаға шүкірлік етіп, балашағасының тілеуін тілеп жүреді. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тассын» демекші, біз де өз тарапымыздан Алманы төл мерекесімен құттықтаймыз һәм алдағы мемлекеттік қызметтегі басқышында жоғары лауазым мен толағай табыстар тілейміз!

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,**
*газеттің арнаулы тілшісі.*
*Суретте: А.Медетбекова*

## 18-МАУСЫМ – МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

# ХАЛЫҚ САУЛЫҒЫ БАСТЫ НАЗАРДА



***Жыл сайын маусым айының үшінші аптасының демалыс күнінде аталып өтетін медицина қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында қалалық аурухана мен емханада болып, олардың бүгінгі таңдағы тыныстіршілігімен, халықтың денсаулығын қорғау барысындағы қызметтерімен, өмірге енгізіліп жатқан жаңалықтарымен және осы сала қызметкерлерінің жетістіктерімен танысып қайтқан едік. «Приозерск қаласының орталық ауруханасы» ҚКҚ емханасының меңгерушісі, қалалық мәслихат депутаты Гүлбаршын Қайроллақызы Мондыбаевамен осы мәселе бойынша болған сұхбатты газет оқырмандары назарына ұсынамыз.***

**Тілші:** ***Ең әуелі жақындап қалған кәсіби мерекеліріңізбен құттықтаймыз! Одан соң мекемеңіздің бүгінгі таңдағы атқарып жатқан жұмыстары жайында әңгімелеп берсеңіз.***

**Г.Мондыбаева:** Бүгінде Приозерск қалалық орталық ауруханасында қала тұрғындарына сапалы медициналық көмек көрсетуді жетілдіру, оның сапасын арттыру мақсатында кешенді жұмыстар жүргізіліп жатыр. Қалалық аурухана өздеріңіз білетіндей халыққа жедел жәрдем, стационарлық, күндізгі стационарлық, амбулаторлы емханалық бөлімдерінен құралған. Негізгі мақсатымыз – халық денсаулығын сақтау және нығайту, сондай-ақ медициналық көмекке мұқтаждықтарын қанағаттандыру болып табылады. Қазіргі уақытты біз Қазақстан Республикасының Денсаулық Сақтау саласын дамытудың 2016-2020-жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы мен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесіне сәйкес бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасының азаматтарына және оралмандарға тегін және барынша дәлелденген тиімді профилактикалық, диагностикалық және емдік медициналық қызметтерді ұсынудамыз.

**Тілші:** ***Бастамаларыңыз жақсы екен! Атқарылып жатқан жұмыстар жайында таратып, толығырақ айтсаңыз.***

**Г.Мондыбаева:** Осы мақсатта аурухана ұжымы биылғы жылы біраз жұмыстар атқарып отыр. Қалалық ауруханада жылына 1000-нан аса науқасқа стационарлық ем көрсетіліп, 200-ден аса нәресте дүниеге келеді. Күндізгі стационарлық көмек көрсету бөлімшесінде 300-ден аса науқас ем қабылдап, жедел жәрдем бөлімі қала және Сарышаған кенті халқына 8000-нан аса жедел медициналық қызмет көрсетеді. Емханада аурудың алдын алу тексеру жұмыстары, неғұрлым кең тараған ауруларды, сондай-ақ жарақаттарды, уланулар мен басқа да шұғыл жай-күйлерді диагностикалау мен емдеуді, жұқпалы аурулар ошақтарындағы санитарлық-эпидемияға қарсы және санитарлық-профилактикалық іс-шараларды, халыққа гигиеналық білім беру, отбасын, ана болу, балалық шақты қорғау бойынша түсіндіру жұмыстары қалыпты жүргізіліп отырады.

**Тілші:** ***Аса қауіпті немесе ауыр науқас түрлерімен ауыратын адамдарға қызмет көрсету жайы қай деңгейде?***

**Г.Мондыбаева:** Бізде барлық ауыр науқастар тізімге алынып, тіркеуге қойылған. Олар дәрігерлердің әрдайым назарында болады. Учаскелік медбикелер уақтылы хабар алып, дәрігер қабылдауна мерзімді уақытында шақырып отырады. Скринингтік тексерулер жүректамыр ауруларын, сусамырды, глаукоманы, гепатиттерді, сонымен қатар инсульт, инфаркт, зағиптық, бауыр циррозы мен обыры, тоқ ішек обыры, сүт безі мен жатыр мойны обыры сияқты ауруларды қатты асқынуына және де осы аурулардан мезгіліне жетпей өліп кетуге жол бермеуге қарсы жүргізіледі.

**Тілші:** ***Аурудың алдын алу шараларының бәрін өз күштеріңізбен жасайсыздар ма, әлде сырттан көмек болып тұра ма?***

**Г.Мондыбаева:** Әрине, бізге үлкен қалалардың медициналық мекемелерінен көмек болып тұратынын айта кетуіміз керек. Халықтың нысаналы топтарына профилактикалық медициналық тексеру жүргізу мақсатында мамыр айында Балқаш қаласынан жылжымалы медициналық кешені қаламызда өз қызметтерін атқарып, көмек көрсетті. Қала тұрғындарына скрининг бағдарламасы бойынша тексеріс жүргізді. Шара барысында тексерілген халықтың 20 пайызы түрлі патологиялық ауруларға шалдыққаны анықталды. Дәрігерлер заманауи медициналық құрылғылар арқылы жиі кездесетін жүрек, бүйрек, бауыр аурулары мен қант диабетін жедел түрде анықтады. Жылжымалы медициналық кешеннің бригадасы 2 мыңнан астам қала тұрғындарын тексерді. Бүгінгі таңда сүт бездері обыры – әйелдер арасында ең кең тараған онкологиялық ауру болып саналады. Осыған байланысты Шет ауданынан жылжымалы маммография құрылғылары келіп, 300-ден астам әйелдер тексерістен өтті. 1500-дей адам Флюрографиялық тексеруден өткерілді. Бүгінгі күнде туберкулез, обыр аурулары қаламызда өткен жылдармен салыстырғанда аз тіркеліп жатқаны осынау алдын алудың нәтижесі деуге болады.

**Тілші:** ***Мекемеде мамандар тапшы-лығы қандай дәрежеде және мамандар жеткіліктіме?***

**Г.Мондыбаева:** Бұл мәселелер ешқашан күн тәртібінен түскен емес. Аталған маңызды жағдайды әрдайым дер кезінде шешіп отыруға әрекет етеміз. Жас дәрігер мамандарын қызметке тартып, 2016-жылдың күзінен бастап 9 жас маман еңбек жолдарын біздің ауруханада бастады. Бірнеше жылдан бері жетіспей келе жатқан аймақтық дәрігерлердің орындары толық қамтамасыз етілді.

**Тілші:** ***Төл мерекелеріңіз қарсаңында ұжымдарыңыздағы халық денсаулығын қорғау мен сақтауға ерекше үлес қосып жүрген жандардың есімдерін атап кетсеңіз.***

**Г.Мондыбаева:** Бүгінгі күні арамызда жүрген ардагерлерімізді, абыроймен еңбек етіп жүрген басқа да дәрігерлерімізді атап өткен жөн болар. Олар медицина саласында 40 жылдан астам қызмет атқарған еңбек ардагері, дәрігер психиатр-нарколог Қ.К.Кешербаев, Лор дәрігері Ж.Ж.Оразов, бактериолог Г.Н.Нұрашева, эпидемиолог А.К.Құтжанова, терапевтер А.С.Сартаева, С.М.Абишева, А.Ж.Асылтаев, Т.Қ.Канат, А.С.Беркалиева, Д.Е.Елемесов, М.А.Пайзуллаев, А.О.Күздеубаевалар өздерінің қызметіне жауапкершіліпен қарайтын, науқас жандардың ықыласы мен алғысына бөленіп жүрген білікті медицина мамандары. Емдеу мекемесінде науқастармен жұмыс істеуге, дәрігерлер тағайындаған емдердің орындалуына, профилактикалық жұмыстарды жүргізуге, ана мен бала денсаулығын бақылауға, жас отбасыларға кеңес беруге, диспансерлік есепке қоюға атсалысатын және психологиялық және әлеуметтік көмек көрсететін орта буын медициналық қызметкерлер де жетерлік. Олардың арасында С.М.Сыздықова, Т.Ә.Әлменова, Н.Қайрақпаева, Н.Ұзақбаева, Э.Тасмұрзаева, Е.Мұқан, М.З.Дюсенбекова, Қ.Г.Кушибаева, З.Таубаева, С.Жылкыбаева және З.Жалғасбаевалармен бірге тағы басқа медбикелер бар.

**Тілші:** ***Мәнді де, мазмұнды сұхбатыңыз үшін үлкен рахмет! Кәсіби мерекелеріңізді лайықты қарсы алыңыздар, денсаулық сақтау жолында абыройларыңыз артып, мерейлеріңіз үстем бола берсін!***

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,**
*газеттің арнаулы тілшісі.*
*Суретте: Г.Қ.Мондыбаева.*

# ДЕНСАУЛЫҚ АҚ ХАЛАТТЫ АБЗАЛ ЖАНДАРДЫҢ ҚОЛЫНДА

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың еліміздің халқына жолдаған жолдауында экономикалық –әлеуметтік биіктерге көтерілу үшін рухани байлықтың, денсаулықтың қажеттілігі көрсетілгендей мәлім. «Денсаулық - басты байлық» дегендей, қазіргі таңда денсаулық ең басты орында тұрғаны сөзсіз. Ал денсаулықтың мықты болуы, яғни бүгінгі таңда ауруханада еңбек етіп жүрген дәрігерлердің қолында.

Осы орайда айта кетер болсақ, қаламыздың КМК «Приозерск қаласының орталық ауруханасы» денсаулық сақтау мекеме ұжымының басым бөлігін білікті мамандар құрайды. Аурухана ұжымының Приозерск қаласының халқына қызмет жасайтын директор - Нурлан Манапұлы Шагировпен, оның оң қолы болып табылатын орынбасарлары - бөлім меңгерушілері мен орта буын медициналық қызметкерлердің жетекшілері. Аурухана директоры осы ұжымда 8-9 жылдан аса қызмет атқаруда. Біліктілігімен, еңбеккорлығымен, халықпен тіл табыса алу шеберлігімен көзге түскен, әрдайым алдыңғы шепте жүрген басшы.

Қазіргі кезде аурухана шаруашылық құқығына көшкен. Сондықтан директордың қаржы жөніндегі орынбасарының иығына түскен жүкте жеңіл емес. Ал мұндай қызметті абыроймен атқаруға 15 жылдан бері бас бухгалтер Дауылбаева Бейбітжан Әжібекқызы ғана қабілетті. Бірнеше рет облыстық және жергілікті атқарушы органдардың сый - құрметіне бөленген Бейбітжан Әжібекқызы көптеген кәсіптік- бухгалтер сертификатына ие.

Емдеу мекемесі болғандықтан, жауапкершіліктің басым бөлігі директордың емдеу-профилактикалық жұмыстар жөніндегі орынбасары, бірінші санатты дәрігер Магираш Кожкенқызы Тогузбаеваның мойнында. Емдеу технологиясы мен процесі сол кісінің тікелей қатысуымен жасалады. Тәжірибелі дәрігер жұмысқа қабілетті болумен қатар, жақсы ұйымдастырушы ретінде де ұжымның сенімінен шығуда.

Емхана меңгерушісі Мондыбаева Гулбаршын Кайроллақызы 20 жылдан астам осы ұжымда қызмет атқарып келе жатқан қабілетті, білікті дәрігер. Өз білімін жас мамандармен бөлісіп, үйретуден жалықпайды.

Аурухана бөлімшесінің меңгерушісі Жуматаев Әлібек Әбдіғалиұлы 1-ші санатты, тәжирибелі дәрігер-хирург. Жақында келгеніне қарамастан, көптеген оталар жасап, стационардың, оның ішінде хирургия бөлімшесінің жұмысын көтеруде.

Бүгінгі күні арамызда жүрген ардагер дәрігерлерді да атап өткен жөн болар. Олар медицина саласында 40 жылдан астам қызмет атқарған, еңбек ардагері, дәрігер психиатр-нарколог Кошербаев К.К., ЛОР дәрігер Уразов Ж.Ж, дәрігер бактериолог Нурашева Г.Н, 1-ші санатты дәрігер-эпидемиолог Кутжанова А.К, терапевт Сартаева А.С, педиатр Бейсенова А.Н. Сонымен қатар ұжымда абыроймен еңбек етіп жүрген дәрігерлер Асылтаев А.Ж, Канат Т.К, Беркалиева А.С., Елемесов Д.Е., Пайзуллаев М.А, Куздеубаева А.О, жалпы тәжирибе дәрігерлер - Абишева С.М, Эшанкулов Н.И, Мамедов М.Б, Убаев Ө.З, Утеулина А.А, Аринова Г.С , Ибадуллаева Ш.Ж.



Емдеу мекемесінде аурулармен жұмыс істеуге, дәрігерлер тағайындаған емдердің орындалуына, профилактикалық жұмыстарды жүргізуге, ана мен балаға, жас отбасыларға кеңес беруге, диспансерлік есепке қоюды жүргізуге бас-көз болып қадағалайтын орта буын медициналық қызметкерлердің жетекшілері - Керимкулова И.К., Сыздыкова С.М., Кушибаева Қ.Г., Мукан Е., Дюсенбекова М.З. Бұлар емдеу мекемесінің алғы шебіндегі «жауынгерлер» іспетті. Осындай білікті көмекшілердің арқасында медициналық мекеменің жұмысы ілгері басып, абырой мен бедел жинап отыр.

«Приозерск қаласының орталық ауруханасы» деп аталатын денсаулық кемесі «Денсаулық» бағдарламасы 2016-2020 ж.ж. басты мақсат пен жұмыс жоспары етіп, нысанаға алып жүзіп барады. Денсаулық кемесіндегі әрбір медицина қызметкерінің өз міндетіне лайық орны бар. Олардың барлығы мақтануға тұрарлық, жылы сөздерге, ризашылық пен алғысқа лайық жандар. Әрқайсысы бір-бір мақаланың кейіпкері болатын тұлғалар. Барлығын бірдей қамти алмағанымызға ыңғайсызданып отырмыз. Дегенмен медицина күні мерекесінде барлығын құттықтауға мүмкіндігіміз бар. Мерекелеріңіз құтты болсын, жаны да пейілі де шуақты ақ халатты абзал жандар!

**Приозерск қаласының орталық аурухана әкімшілігі**

*Ғасыр дертімен күрес*

# НАШАҚОРЛЫҚ - ҚАУІПТІ ІНДЕТ, АЛДЫН АЛУ - МІНДЕТ

Нашақорлық - бұл адамзат баласының денсаулығы мен еліміздің ұлттық қауіпсіздігіне төнетін үлкен қатер. Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес мәселесі айқын халықаралық сипатқа ие және бұл мәселенің шешілуі біздің мемлекетіміз үшін де маңызды.

Еуразия жолдарының қиылысында орналасқан Қазақстанның геосаяси жағдайы есірткі тасымалдау үшін транзиттік дәліз ретінде халықаралық есірткі синдикаттары мен ұйымдасқан қылмыстық топтар үшін Ауғанстаннан Ресейге, одан кейін Еуропаға есірткі заттарын орасан зор мөлшерде контрабандалық жолмен тасымалдауға қолайлы екені жасырын емес. Аса ірі мөлшерде есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды заңсыз айналымға шығарып, жанталаса қимылдап жатқан халықаралық есірткі синдикаттары мен ұйымдасқан қылмыстық топтар заңсыз тасымалдау кезінде, еліміздің тұрғындарын «жол бойы» зақымдап улау салдарынан, республикамызда есірткіге тәуелді азаматтар саны айтарлықтай көбейіп отыр.

Елімізде есірткі заттарын дайындау, сақтау, тасымалдау және сату әрекеттеріне тыйым салынған. Алайда, бала болашағымыз десек, ерекше қобалжу тудыратын мәселе жоғарыда атап көрсетілген жағдайлардың әсерінен есірткіге тәуелді тұлғалардың арасында кәмелет жасына толмаған жеткіншектердің аса қауіпті дерт - нашақорлыққа салынуы соңғы жылдары күрт өсіп отыр. Жылдан жылға олармен есірткі қолданудың әсерінен жасалған қылмыстар саны да артып келеді.

Есірткі бизнесі, кез-келген ұйымдасқан қылмыс секілді шектеуі жоқ және ұлт талғамайды. Есірткі қолдануға әсіресе құмарлық адам өмірі мен қоғам үшін шын мәнінде қауіп төндіреді.

Нашақорлық және есірткі бизнесіне қарсы күрестегі ынтымақтастықты дамыту сияқты міндеттерді атқару қажеттілігін ескеруіміз қажет.

Қорыта айтқанда, қылмыстар мен зұлымдықтың атаулының туындауына әкеліп соқтыратын нашақорлық және есірткі бизнесіне қарсы күрес - бүгінгі таңда ерекше назар аударуы арқылы, мейілінше ықпалды әрі тиімді шараларды үздіксіз жүргізіп отыруды қажет ететін баршамыздың басты міндетіміз.

**А.Ким**
***«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы***

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА

# «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА МҮГЕДЕКТЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ» ЗАҢЫНАН ҮЗІНДІ

**1.Қазақстан Республикасының мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясаты:**

1)мүгедектіктің алдын алуға;
2)мүгедектерді әлеуметтік қорғауға, соның ішінде оңалтуға;
3)мүгедектердің қоғаммен етене араласуына бағытталған.

**2.Мүгедектерді әлеуметтік қорғау принциптері Қазақстан Республикасының мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясаты:**

1)заңдылық, ізгілік, адам құқықтарының сақталуы;
2)әлеуметтік қорғауға кепілдік берілу, медициналық, әлеуметтік және кәсіптік оңалтуға қолжетімділікті қамтамасыз ету;
3)мүгедектердің денсаулық сақтауға, білім алуға және қызмет түрін, соның ішінде еңбек қызметі түрін еркін таңдауға басқа азаматтармен қатар қол жеткізуі мен тең құқылы болуы;
4)мемлекеттік органдардың мүгедектердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын қоғамдық бірлестіктермен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауы;
5)мүгедектік белгісі бойынша кемсітуге тыйым салу принциптері негізінде жүргізіледі.

**3. Мүгедектердің құқықтары**

Қазақстан Республикасында мүгедектер:
1)әлеуметтік қорғауға, соның ішінде оңалтуға, қоғамға етене араласуға;
2) әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне кіріп-шығуын қамтамасыз етуге;
3) ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етуге;
4) білім алуға, қызмет түрін, соның ішінде еңбек қызметі түрін еркін таңдауға;
5)Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алуға;
6)кәсіптік даярлыққа және қайта даярлыққа, еңбек қабілетін қалпына келтіруге және жұмысқа орналасуға;
7)Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес тұрғын үйге;
8)мемлекеттік және өзге ұйымдарда, соның ішінде денсаулық сақтау, мәдениет, байланыс, көлік, қызмет көрсету саласындағы ұйымдарда бірінші кезекте қызмет көрсетілуге;
9)мүгедектердің шығармашылық қабілеттерін қолдауға арналған құқықтарын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының Конституциясымен, Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерімен бекітілген әлеуметтік-экономикалық және жеке басының құқықтары мен бостандықтарына толығымен ие болады.

**4. Мүгедектерді әлеуметтік қорғау**

Мүгедектерді әлеуметтік қорғау әлеуметтік, қайырымдылық көмекті, медициналық, әлеуметтік және кәсіптік оңалтуды, білім алуға қолжетімділікті және мүгедектердің қоғам өміріне басқа азаматтармен бірдей қатысуына мүмкіндіктер жасауға бағытталған өзге де шараларды ұсыну арқылы қамтамасыз етіледі.

**5. Мүгедектерге көрсетілетін әлеуметтік көмек**

Мүгедектерге көрсетілетін әлеуметтік көмек мемлекеттік жәрдемақылар, өтемақылар түріндегі төлемдерді және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де, оның ішінде қайырымдылық есебінен берілетін төлемдерді де қамтиды.

Әлеуметтік көмектің қосымша түрлерін жергілікті атқарушы органдар, жұмыс беруші және өзге де ұйымдар көрсетуге құқылы.

**6. Мүгедектерді әлеуметтік қорғауды қамтиды:**

1.Мүгедектерді оңалту
2.Мүгедектерді оңалтудың кешенді бағдарламасы
3.Мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламасы
4.Мүгедектерді медициналық оңалту
5.Мүгедектерді әлеуметтік оңалту
6.Мүгедектерге техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдар мен арнаулы жүріп-тұру құралдарын беру
7.Үйде және аумақтық әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну
8.Медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсыну
9.Мүгедектердің әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне кіріп-шығуын қамтамасыз ету
10.Мүгедектерді тұрғын үймен қамтамасыз ету
11.Мүгедектердің мәдени-ойын-сауық ұйымдарына және спорт ғимараттарына бара алуын қамтамасыз ету
12.Мүгедектердің ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету
13.Мүгедектерге білім алуы және мектепке дейінгі тәрбие алуы үшін жағдайларды қамтамасыз ету
14.Мүгедектерді кәсіптік оңалту
15.Мүгедектерді жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету
16.Мүгедектердің еңбек қатынастары саласындағы құқықтары

**Г. Байманасова,**
***Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бас маманы***

К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

# ВЫПИСКА ИЗ ЗАКОНА РК «О СОЦИАЛЬНОЙ ЗАЩИТЕ ИНВАЛИДОВ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН»

**1.Государственная политика Республики Казахстан в сфере социальной защиты инвалидов**

Государственная политика Республики Казахстан в сфере социальной защиты инвалидов Республики Казахстан направлена на:
1)профилактику инвалидности;
2)социальную защиту, в том числе реабилитацию инвалидов;
3)интеграцию инвалидов в общество.

**2.Принципы социальной защиты инвалидов**

Государственная политика Республики Казахстан в области социальной защиты инвалидов проводится на основе принципов:
1)законности, гуманности, соблюдения прав человека;
2)гарантированности социальной защиты, обеспечения доступности медицинской, социальной и профессиональной реабилитации;
3)доступности и равных прав инвалидов, наряду с другими гражданами, на охрану здоровья, образование и свободный выбор рода деятельности, в том числе трудовой;
4)взаимодействия государственных органов с общественными объединениями и иными организациями, осуществляющими функции по защите прав и законных интересов инвалидов;
5)запрещения дискриминации по признаку инвалидности.

**3.Права инвалидов**

Инвалиды в Республике Казахстан обладают всей полнотой социально-экономических и личных прав и свобод, закрепленных Конституцией Республики Казахстан, другими законодательными актами Республики Казахстан, включая права на:
1)социальную защиту, в том числе реабилитацию, интеграцию в общество;
2) обеспечение доступа к объектам социальной инфраструктуры;
3)обеспечение доступа к информации;
4)образование, свободный выбор рода деятельности, в том числе трудовой;
5)гарантированный объем бесплатной медицинской помощи в порядке, определяемом законодательством Республики Казахстан;
6)профессиональную подготовку и переподготовку, восстановление трудоспособности и трудоустройство;
7)жилище в соответствии с жилищным законодательством Республики Казахстан;
8)первоочередное обслуживание в государственных и иных организациях, в том числе в организациях здравоохранения, культуры, связи, транспорта, сфере услуг;
9)поддержку творческих способностей инвалидов.

**4.Социальная защита инвалидов**

Социальная защита инвалидов обеспечивается путем предоставления социальной, благотворительной помощи, медицинской, социальной и профессиональной реабилитации, доступа к получению образования и иных мер, направленных на создание инвалидам равных с другими гражданами возможностей участия в жизни общества.

**5. Социальная помощь инвалидам**

Социальная помощь инвалидам включает выплаты в виде государственных пособий, компенсаций и иных выплат, в том числе и за счет благотворительности, предусмотренных законодательством Республики Казахстан.

Дополнительные виды социальной помощи вправе оказывать местные исполнительные органы, работодатель и иные организации.

**6. Социальная защита инвалидов включает:**

1.Реабилитация инвалидов
2.Комплексная программа реабилитации инвалидов
3.Индивидуальная программа реабилитации инвалидов
4.Медицинская реабилитация инвалидов
5. Социальная реабилитация инвалидов
6. Предоставление инвалидам технических вспомогательных (компенсаторных) средств и специальных средств передвижения
7.Предоставление специальных социальных услуг на дому и в территориальных центрах социального обслуживания
8.Предоставление специальных социальных услуг в медико-социальных учреждениях (организациях)
9. Обеспечение инвалидам доступа к объектам социальной инфраструктуры
10.Обеспечение инвалидов жильем
11.Обеспечение инвалидам доступа к культурно-зрелищным организациям и спортивным сооружениям
12.Обеспечение доступа инвалидов к информации
13.Обеспечение инвалидам условий для получения образования и дошкольного воспитания
14. Профессиональная реабилитация инвалидов
15. Обеспечение занятости инвалидов
16. Права инвалидов в области трудовых отношений

**Г. Байманасова,**
***Главный специалист отдела занятости и социальных программ города Приозерск***

*Әлеуметтік қорғалмағандарға қамқорлық*

# «ӨРЛЕУ» ЖОБАСЫ ХАЛЫҚ ӨМІРІН ЖАҚСАРТАДЫ

.Мемлекеттік саясаттың басты мақсаттарының бірі — әлеуметтік қорғалмаған тұрғындар тобының өмір сүру деңгейін жақсарту.

Халықтың әлеуметтік қорғалмаған тобына көмек көрсету үшін еліміздің Үкіметі Дүниежүзілік банктің қолдауымен шартты ақшалай көмек көрсетуді қарастыратын «Өрлеу» жобасын іске қосты. Қанатты жоба 2015 жылдың 1 шілдесінен бастап пилоттық режимде барлық өңірлерге енгізілді.

Жобаның басты мақсаты — кедейлік шегінен төмен табысы бар отбасылардың нақты табысын арттыру, оларды өзін-өзі қамту деңгейіне шығаруға ықпал ететін әлеуметтік оңалту.

Шартты ақшалай көмек дегеніміз — отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшартының талаптары бойынша жан басына шаққандағы орташа айлық табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 60 пайызынан төмен жеке тұлғаларға немесе отбасыларға мемлекет беретін ақшалай нысандағы төлем. Бұған дейін елімізде жан басына шаққанда орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен аз отбасыларға атаулы әлеуметтік көмек төленетін. Енді «Өрлеу» жобасы аясында осы көмекке қосымша ай сайын қаржы қаралмақ. Бұл өз кезегінде тұрмысы төмен отбасыларға кәсіп ашып, оның нәсібін көруге қолайлы кедейлік деңгейін төмендетуге бағытталған. Соңғы уақытта кейбір отбасылар атаулы әлеуметтік көмекті еш еңбексіз алып, жатыпішерлікке салынған. Сондықтан шартты ақшалай көмек бағдарламасы көрсетіліп, соның негізінде еңбекке атсалысады. Егер азаматтар осы жобаға қатысудан бас тартса, оған атаулы көмек төленбейтін болады. Бұл жалқауланып алған адамдарды еңбекке тартуға зор ықпал етеді. Приозерск қаласында аталған жоба 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап іске асырылуда.

Мемлекет басшысының бес институционалдық реформасы аясындағы «100 нақты қадам» атты Ұлт жоспарында қамтылған әлеуметтік көмектің атаулылығын күшейту туралы тапсырмасын орындауға бағытталған «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне халықты әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» 2015 жылғы 28 қазанда №369 Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Заң жобасы әлеуметтік саладағы екі маңызды өзгерісті көздейді.

Бірінші — азаматтардың кейбір санаттарына берілетін әлеуметтік төлемдерге қолжетімділікті арттыруды қарастыратын трансформация шаралары болса, екіншіден, аз қамтылған азаматтарға әлеуметтік қолдауды күшейту көзделеді.

Әлеуметтік төлемдерді трансформациялау жұмысы азаматтардың санатына қарай тағайындалатын бірнеше әлеуметтік жәрдемақыларды біріктіріп, бір жәрдемақы ретінде белгілеуді көздеп, 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап елімізде жаңа үлгідегі атаулы әлеуметтік көмекті енгізу қарастырылуда.

Аталған Заң аясында қазіргі таңдағы қолданыстағы әлеуметтік жәрдемақылар яғни:

-көпбалалы отбасыларына арнайы мемлекеттік жәрдемақысын;

-аз қамтылған отбасыларына арналған 18 жасқа дейінгі мемлекеттік балалар жәрдемақысын;

-аз қамтылған үй шаруашылығына берілетін атаулы әлеуметтік көмек түрлері жойылып, орнына бір жәрдемақы ретінде жаңа үлгідегі атаулы әлеуметтік көмекті қабылдау.

Бүгінде қала көлемінде жобаға қатысушы үміткерлердің саны анықталып, қажетті қаражаттың сомасын және ұсынылатын қолдаудың белсенді түрлерін белгілеу жұмыстары жүргізілуде.

**Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі**

## ТҰРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА

# ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ 2016 ЖЫЛҒЫ 22 ҚАРАШАДАҒЫ № 2 «ЖЕРГІЛІКТІ АУҚЫМДАҒЫ ТАБИҒИ СИПАТТАҒЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙДЫ ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ» ШЕШІМІНІҢ КҮШІ ЖОЙЫЛДЫ ДЕП ТАНУ ТУРАЛЫ

**Приозерск қаласы әкімінің**
**2017 жылғы 01 маусымдағы № 1 шешімі.**
**Қарағанды облысы Әділет департаментінде**
**2017 жылдың 09 маусымында № 4272 болып тіркелді.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, Приозерск қаласының әкімі **ШЕШТІ:**

1.Приозерск қаласы әкімінің 2016 жылғы 22 қарашадағы № 2 «Жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2016 жылғы 23 қарашада № 4026 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 29 желтоқсанда, «Приозерский вестник» 2016 жылғы 25 қарашадағы № 47/483 газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2.Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

3.Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қала әкімі** **Қ. Камзин**

## К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

# «О ПРИЗНАНИИ УТРАТИВШИМ СИЛУ РЕШЕНИЯ АКИМА ГОРОДА ПРИОЗЕРСК ОТ 22 НОЯБРЯ 2016 ГОДА № 2 «ОБ ОБЪЯВЛЕНИИ ЧРЕЗВЫЧАЙНОЙ СИТУАЦИИ ПРИРОДНОГО ХАРАКТЕРА МЕСТНОГО МАСШТАБА»»

**Решение акима города Приозерск**
**от 01 июня 2017 года № 1.**
**Зарегистрировано в Департаменте юстиции Карагандинской области**
**09 июня 2017 года за № 4272**

В соответствии с Законом Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», аким города Приозерск **РЕШИЛ**:

1.Признать утратившим силу решение акима города Приозерск от 22 ноября 2016 года №2 «Об объявлении чрезвычайной ситуации природного характера местного масштаба» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов 23 ноября 2016 года № 4026, опубликовано в информационно-правовой системе «Әділет» 29 декабря 2016 года, в газете «Приозерский вестник» от 25 ноября 2016 года №47/483).

2.Контроль за исполнением настоящего решения оставляю за собой.

3.Настоящее решение вводится в действие со дня первого официального опубликования.

**Аким города** **К. Камзин**

# «Приозерск қаласы әкімінің қала жастарының кәсіпкерлігіне қолдау көрсету және дамытуға арналған гранты» конкурсын өткізу туралы ЕРЕЖЕСІ

### 1.Жалпы мәліметтер

**1.1.**Приозерск қаласының Әкімінің гранттары Приозерск қаласы жастарының әрекеттегі бизнесін кеңейту немесе жаңа бизнес ашу үшін бөлінеді.

**1.2.**«Приозерск қаласы әкімінің қала жастарының кәсіпкерлігіне қолдау көрсету және дамытуға арналған гранты» конкурсы (әрі қарай – Грант) Приозерск қаласының аумағында 2017 жылға жастар саясаты аясындағы іс-шараларды жүзеге асыру шеңберінде жүргізіледі.

### 2.Мақсаты және міндеттері

**2.1.**Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатының басты бағыттарын жүзеге асыру – бұл мақсатты тәсіл, жастардың барлық категорияларын қамту, оның ішінде жұмысқа орналасу үшін жағдай жасау, жастардың кәсіптік, рухани және физикалық тұрғыдан дамуына жағдай жасау.

**2.2.**Қала жастарының жұмысқа орналасуына және жұмыспен қамтамасыз етілуіне көмек көрсету.

**2.3.**Қала жастарының қабілеттері мен дағдыларын жүзеге асыру және оны қолдану мүмкіндіктерінің шеңберін кеңейту.

### 3. Қатысу шарттары

**3.1**.Конкурсқа қатысушы Приозерск қаласының аумағында (соңғы 2 жылда) тұрған болуы керек.

**3.2.**Грант алуға үміткердің жоспарлап жүрген немесе әрекеттегі бизнес жоспары Приозерск қаласында атқарылатын болуы керек.

**3.2.**Конкурсқа қатысушылар төмендегі жағдайда Грант ізденушілері бола алады:

- жеке кәсіпкерліктің бастапқы субъектілері;
- жас кәсіпкерлер;
- кәсіпкерлік бастамашылық қабілеті бар азаматтар.

**3.3**. Конкурсқа қатысушының жасы 29 жастан аспауы керек.

**3.4**.Грант ізденушісі осы конкурс үшін қабылданған шарттарға сәйкес ресімделген өтінімін Конкурсқа тапсырады.

**3.5.**Өтінімге қол қоя отырып, ізденуші мыналарға кепілдік береді:

▪аталған конкурсқа қатысу шарттарымен келісетіндігіне;

▪өтінімде көрсетілген материалдардың құпиялылығын сақтау маңызды емес екендігіне;

▪мемлекеттік бюджет және басқа көздерден қаржыландырылмайтын бизнес-жоба тақырыбын ұсынғандығына;

▪жобаны жүзеге асыру нәтижесі мен кезеңдері бойынша ақпаратты ай сайын комиссияға қарастыруға беріп тұруға міндетті екендігіне.

**3.6**.Гранттың әрбір ізденушісі осы конкурс шеңберінде бірден артық емес өтінім бере алады.

**3.7.**Бұдан бұрын басқа гранттар немесе сыйлықақыларға ие болған жұмыстар осы грантқа үміткер ретінде қатыса алмайды.

**3.8.**Конкурстың талаптарына сәйкес келмейтін, осы Ереженің 7 пунктіне сәйкес ресімдеу шарттарын бұза отырып ұсынылған немесе ақпараттық хабарламада көрсетілген мерзімнен кейін түскен Ұ

**3.9.**Өтінімнің конкурсқа қабылданбау себептері авторларға хабарландырылмайды;

**3.10.** Өтінім конкурсының материалдары авторларға қайтарылмайды.

**3.11.**Бизнес-жобалар мемлекеттік немесе орыс тілінде қабылданады.

### 4. Конкурстың өткізілу кезеңдері

Конкурс 2 кезеңмен өткізіледі.

**4.1.** *1-кезең:конкурсқа қатысуға өтінім қабылдау.*

1)Қатысушы өтінімін «Приозерск қ. Ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне» конкурсқа қатысушы ретінде ұсынадыі.

2)«Приозерск қ. Ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» қатысушыдан өтінім қабылдағанған кейін іске асырады:

-ұсынылған құжаттардың толықтығын тексеру;

-ұсыныстарды, күн тәртібін, Конкурстық комиссия отырысын өткізу мерзімін, уақытын,

***(соңы 5 бет.)***

# ПОЛОЖЕНИЕ
# о проведении конкурса «Грант акима города Приозерск на развитие и поддержку молодежного предпринимательства в городе»

### 1. Общие сведения

**1.1.**Гранты Акима города Приозерск выделяются на открытие нового бизнеса или расширение действующего бизнеса молодежи города Приозерск.

**1.2.**Конкурс "Грант акима города Приозерск на развитие и поддержку молодежного предпринимательства в городе" (далее-Грант) проводится на территории города Приозерск в рамках реализации мероприятий в сфере молодежной политики на 2017 год.

### 2.Цели и задачи

**2.1.**Реализация основных направлений государственной молодежной политики Республики Казахстан - адресный подход и охват всех категорий молодёжи, в том числе создание условий длятрудоустройства, создание условий для профессионального, духовного и физического развития молодежи.

**2.2.** Содействие в обеспечении занятости и трудоустройства молодежи города.

**2.3.**Расширение круга возможностей применения и реализации навыков и умений молодежи города.

### 3.Условия участия

**3.1.**Участник конкурса должен проживать на территории города Приозерск (последние 2 года).

**3.2.**Планируемый или действующий бизнес проект кандидата на получение Гранта должен дислоцироваться в городе Приозерск.

**3.2.** Соискателями Грантов для участия в конкурсе могут быть:

- начинающие субъекты частного предпринимательства;
- молодые предприниматели;
- население с предпринимательской инициативой.

**3.3.**Возраст участников конкурса не должен превышать 29 лет.

**3.4.**Соискатель Гранта представляет на конкурс заявку, оформленную в соответствии с требованиями, принятой для данного конкурса.

**3.5.** Подписывая заявку, соискатель гарантирует, что он:

▪согласен с условиями участия в данном конкурсе;

▪не претендует на конфиденциальность представленных в заявке материалов;

▪заявил тему бизнес-проекта, не имеющую финансирования за счет средств госбюджета и других источников;

▪обязуется ежемесячно предоставлять на рассмотрение комиссии информацию по стадиям и результату реализации проекта.

**3.6.**Каждый соискатель Гранта в рамках данного конкурса может подать не более одной заявки.

**3.7.**Работы, ранее удостоенные других грантов и премий, к участию в конкурсе на соискание настоящего Гранта не допускаются.

**3.8.**Заявки, не соответствующие условиям конкурса, представленные с нарушением правил оформления в соответствии с пунктом 7 данного положения или поступившие на конкурс после указанного в информационном сообщении срока, не рассматриваются.

**3.9.** Мотивы отклонения конкурсных заявок не сообщаются авторам;

**3.10.**Материалы конкурсной заявки авторам не возвращаются.

**3.11**.Бизнес проекты принимаются на государственном или на русском языке.

### 4. Этапы проведения конкурса

Конкурс проводится в 2 этапа.

**4.1.** *1-й этап: прием заявок на участие в конкурсе.*

1)Участник обращается в ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков г.Приозерск» с заявкой на участие в конкурсе.

2)«Отдел внутренней политики, культуры и развития языков г.Приозерск» после получения заявки от участника осуществляет:

-проверку полноты представленных документов;

-формирование предложений, повестки дня, определение даты, времени и места проведения заседания Конкурсной комиссии, о чем уведомляет всех членов Конкурсной комиссии.

***(окончание на стр.5)***

## «Приозерск қаласы әкімінің қала жастарының кәсіпкерлігіне қолдау көрсету және дамытуға арналған гранты» конкурсын өткізу туралы ЕРЕЖЕСІ

*(соңы . басы 4 бет.)*

орнын белгілеуді реттеп, бұл туралы Конкурс комиссиясының барлық мүшелеріне хабарлау.

-II кезеңге қатысуры үшін біршама болашағы бар бизнес-жоспарлар таңдауын жүргізу.

**4.2**. *2-кезең: презентация, сараптама және бизнес-жоспарларды қорғау.*

Конкурс комиссиясы қатысушылармен кездескеннен кейін, презентациялармен танысқаннан соң талқылау нәтижелері бойынша грант беру үшін бизнес-жобаларға іріктеу жүргізеді. Сараптаманы және бизнес-жобалар бойынша қорытындыны мемлекеттік органның, Приозерск қаласының бизнес құрылымдары және қоғамдық бірлестіктерінің өкілдерінен құрылған арнайы Комиссия жүзеге асырады.

**5. Грант сомасы**

**5.1.** Гранттың жалпы сомасы 2 200 000 (екі миллион екі жүз мың) теңгені құрайды.

Гранттардың саны ұсынылған жобалардың саны мен сомасына байланысты бөлінеді.

**6. Бизнес-жобаларды бағалау критерийлері**

**6.1.** Өндіру немесе өңдеу бойынша жобалар басымдылық болып саналады;

**6.9.** Жобаның өзектілігі және оның қаланың экономикалық дамуына әсері;

**6.2**.Бизнес идеялардың жаңашылдығы;

**6.3**.Бизнес-жобаның бәсекеге қабілеттілігі (нарықтағы қажеттілігі – маркетингтік талдау);

**6.4.** Бизнес-жобаны енгізудің дайындылығы (өндірісті ұйымдастыру мәселелерін әзірлеу, кәсіпкерлікті орналастыратын ғимараттың, тауар нарығының болуы, жобаны іске қосудағы дайындық деңгейі);

**6.5**. Жаңадан құрылатын жұмыс орнының саны;

**6.6**. Жобаның өз шығынын ақтап алуы, ақтап алу мерзімі;

**6.7.** Бизнестің әрі қарайғы болашағы;

**6.8.** Жобаның инновациондылығы.

**7.Конкурс жобаларын ресімдеу және ұсыну тәртіптері**

Конкурсқа қатысу үшін төмендегі материалдар ұсынылады:

1) *өтінім (Қосымша 1);*

2)*бизнес-жоба (20 беттен артық емес),* онда жобаның мазмұны, мақсаты мен міндеттері, маркетингтік зерттеулер нәтижесі, идеялардың бәсекелестік артықшылықтары, экономи-калық негіздемесі, сұралатын ақша көлемі және болжамды түрдегі шығындар мен кірістер баяндалады (баспа және электрондық нұсқада).

3) *жобаның қысқаша сипаттамасы ( 2 бет),* онда мына мәліметтер қамтылады: алдыңғы бетінде – бизнес-жобаның атауы; ТАӘ, келесі бетінде – жұмыстың қысқаша мазмұны, өзектілігі, жаңадан құрылатын жұмыс орындарының саны, бизнес-жобаны жүзеге асырудың болжамды мерзімі;

4) *жеке куәлігінің көшірмесі;*

Құжат баспа және электрондық нұсқада ұсынылады.

*5) мекен-жай анықтамасы;*

Тұрғылықты жерін растайтын құжат

Электрон поштасы және факс арқылы жіберілген материалдар қабылданбайды. Әрекеттегі немесе жоспарланған бизнес-жобаның презентациясы немесе фотосуреттерін қоса беруге болады.

**8.Қатысуға өтінім**

Өтінім беру үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1. Өтінім (Қосымша №1)

2. Жеке куәлік (сканкөшірме).

3. ЖБН/ЖСН (сканкопия).

4. Бизнес-жоба презентациясымен қоса (Қосымша №2).

5.«Приозерск қаласының ауыл шаруашылығы және кәсіпкерлік бөлімі» ММ және «Атамекен» кәсіпкерлер Палатасының Приозерск филиалынан бизнес-жобаның өзектілігі және бизнесті қолдау керектігі туралы Ходатайство немесе анықтама (түпнұсқа).

6.Әрекеттегі жас кәсіпкерлер үшін оларға қызмет көрсететін банктерде төленбеген борышының болуы (болмауы) туралы анықтама (түпнұсқа).

**7.**Әрекеттегі жас кәсіпкерлер үшін салықтық борышының болмауы туралы анықтама.

8.Жоба бойынша өндірістік бағдарламаға пайдаланылатын мүлікке жекеменшік құқығын растайтын құжаттар, сонымен қатар мүлікті жалға алу (субаренда) туралы келісім-шарт (скан.көшірме).

Конкурсқа қатысу үшін өтінім **prio_ovp@krg.gov.kz** электрон поштасына «Әкім гранты» деген ескертпемен, **2017 жылдың 10 шілдесіне** дейін жіберіледі**.**

Ұйымдастырушылардың талабы бойынша грант алуға үміткерлер құжаттарының түпнұсқасын комиссия отырысында ұсынады.

**Анықтама үшін телефондар: 5-30-82, 7-90-61**



## ПОЛОЖЕНИЕ
### о проведении конкурса «Грант акима города Приозерск на развитие и поддержку молодежного предпринимательства в городе»

*(окончание. начало на стр.4)*

-проведение отбора наиболее перспективных бизнес-планов для участия во II- этапе.

**4.2**. *2-й этап: презентация, экспертиза и защита бизнес-проектов.*

